



## Қазақстан Республикасында заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік статистикалық есеп беруінің тәртібі жөніндегі ЕРЕЖЕ

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттіктің статистика және талдау жөніндегі комитетінің қаулысымен БЕКІТІЛГЕН 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 75 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 19 наурыз N 485 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 26 маусымдағы N 44 бұйрығымен. ~V001320

Статистика және талдау жөніндегі комитет 1997 жылғы 7 мамырдағы N 98-1 Z970098\_ ҚРЗ "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының орындалуы жөнінде Бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасында заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік статистикалық есеп беруінің тәртібі жөніндегі ереже осы ұсынылып отырған үлгіге сәйкес бекітілсін.

2. Осы Ереже күшіне енгізілгеннен кейін "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік статистика комитетінің 1994 жылғы 26 желтоқсандағы N 80 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы мемлекеттік статистика органдарында шаруашылықпен айналысатын және басқа да адамдардың статистикалық ақпараттарын берудің тәртібі жөніндегі" Ережесінің күші жойылсын.

Төраға

### I. Жалпы жағдай

Бұл Ереже Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" (1997 жылғы 7 мамырдағы N 98-1 ҚРЗ), "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы" (1994 жылғы 22 қыркүйектегі N 167-ХІІІ) Заңдарына, Қазақ ССР-нің "Әкімшілік хұқық бұзушылық туралы" Кодексіне және еліміздің басқа да заң актілеріне сәйкес зерттеліп жасалды.

Ереже мемлекеттік статистика органдарымен және басқа да мекен-жайларға есеп берудің бланкілерінде қарастырылған түрлеріне сәйкес мемлекеттік статистикалық бақылауды жүргізуге қажетті статистикалық есептерді және басқа

да мәліметтерді беріп отыруды белгілі бір талаптарға бағындырып отырады.

Сондай-ақ бұл Ережеде қазіргі заңдылықтарға сәйкес статистикалық есептерді беріп отыру тәртібін бұзғандарды әкімшілік және басқа да жауапкершілікке тарту тәртібі де қарастырылған.

## II. Мемлекеттік статистикалық есеп беру, оны беріп отырудың тәртібі

1. Мемлекеттік (ведомстволық) статистикалық есеп беру (бұдан былай - статистикалық есеп беру) Республикалық мемлекеттік статистикалық органдар бекіткен, немесе облыстық (қалалық) статистика органдары олармен келісілген статистикалық бақылаудың барлық түрлерін (үнемі және мезгіл есеп беру, бір жолғы есеп, әртүрлі санақтар, ішінара, анкеталық, декларациялық, корреспонденттік және инспекциялық бақылау және басқалар), әдістер мен бағдарламалар, сондай-ақ оларды толтырудың нұсқауларын қамтиды.

2. Формалы бланкілерде және оларды толтырудың нұсқауларында көрсетілген көрсеткіштерді есептеудің құрамы мен методологиясы, статистикалық есеп беруші заңды адамдардың тобы, мекен-жайы, оның әдістері мен мерзімі барлық заңды тұлғалар үшін міндетті болып саналады және осы әдістерді бекіткен статистикалық органдардың рұхсатынсыз оны өзгертуге б о л м а й д ы .

3. Барлық заңды тұлғалардың мемлекеттік статистикалық бақылаудың барлық түрлері мен әдістері бойынша статистикалық есеп беріп отырулары міндетті деп есептелінеді және ол ақысыз жүзеге асырылады. Жеке тұлғалар қазіргі заңдарда (Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Заңының 3 бабы; "Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау туралы", "Жеке кәсіпкерлік туралы" және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілері) бекітілген жағдайда ғана мемлекеттік статистикалық есеп бере алады.

Заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік статистикалық органдарға барлық алғашқы статистикалық ақпараттар беруі кезінде құпиялылықтың сақталуына кепілдік беріледі. Статистикалық ақпараттарды тарату тек сол ақпаратты беріп отырған заңды және жеке тұлғалардың келісімімен ғана, немесе жасырын атпен беруге болады. ("Мемлекеттік статистика туралы" Заңның 13 бабы).

4. Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Заңының 2 (3 абзац) және 11 (7 абзац) баптарын, "Шетел инвестициясы туралы" Заңының 23 бабының еліміздің басқа да нормативті актілерін басшылыққа ала отырып, сол сияқты аймақтардың, облыстардың, аудандардың, қалалар мен басқа да әкімшілік-территориялық құрылымдардың) экономикалық және әлеуметтік дамуы барысының статистикалық ақпараттарда уақытында және нақтылы көрсетіліп тұруы мақсатында Қазақстан аймағының басқа да территорияларында және одан тысқары жерлерінде де филиалы мен өкілдігі бар заңды тұлғалар

мемлекеттік статистика органдарына қазіргі есеп беру әдісі мен оларды толтырудың нұсқауларына сәйкес өзінің тұратын жері бойынша тұтас кәсіпорны, ұйымы немесе мекемесі, сол сияқты өзінің өкілдігінің филиалы тұрғысында статистикалық есеп беріп отыруға міндетті.

Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) кезеңінде заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалық мәртебесі жоқ заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері мемлекеттік статистика органдарына бір ізге салынып теңестірілген және басқа да жүйелі - есептік кодтар иелену, статистикалық карточка беру, сол сияқты бірыңғай мемлекеттік статистикалық тізімге қосу үшін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік пен құрылтайшылық құжаттар тапсырады.

Кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар қайта құрылатын немесе мүлдем таратылатын болса мемлекеттік статистика органдарына өзінің жұмыс істеген есептік мерзім ішінде таратылған күнге дейін жыл бойы мезгіл формалы бланкілермен статистикалық есеп беруге тиісті.

5. Статистикалық есептің көрсеткіштері, оның ішінде мемлекеттік, әскери және коммерциялық құпияны құрайтын мемлекеттік статистика органдары мен басқа да мекен-жайларға статистикалық есеп берудің формалы бланкілерінде қарастырылған белгіленген тәртіпке сай тегін беріліп тұрады.

Жабық түрдегі статистикалық ақпараттар мемлекеттік статистика органдарына мемлекеттік және әскери құпияны сақтауды қамтамасыз ету тәртібімен беріледі.

6. Орталық атқару органдары жүйесінде, яғни ведомство министрлігінде атқарылатын статистикалық есеп, жинау мен өңдеу мемлекеттік статистика органдарына олар үшін статистика комитетінде белгіленген тәртіпке сай бағдарлама бойынша және көрсетілген мерзімінде беріліп тұрады.

7. Статистикалық есептерге басшылар, бас бухгалтер немесе есеп жұмысын жүргізуге жауапты лауазым иелері қол қояды. Ол лауазым иелері берілген статистикалық есептің дұрыстығына және оның мерзімінің сақталуына жауап береді.

Статистикалық есеп берудің күні бір қалада тұратын кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін оны тиісті иесіне берген күннен бастап есептелсе, ал басқа қалада тұратындар үшін байланыс кәсіпорнының соққан белгісі бойынша жіберілген күннен басталады.

Бір қалада тұратын кәсіпорындар мен ұйымдар үшін есепті почтамен жіберуге болмайды.

8. Статистикалық есептің тапсыру мерзімінің бұзылғанына, статистикалық есептің формаларында Статкомитеттің көрсеткен мерзімдерінде тапсырылмауы жатады.

9. Есеп беру мәліметін бұрмалау статистикалық есепте оның бет-бейнесінің

дұрыс көрсетілмеуі, сол лауазымды адамдардың түскен табысты әдейі жасыру мақсатымен және басқа да пайдақорлықпен жіберген қатесі, сондай-ақ есепті жасау барысындағы қазіргі бар нұсқаулар мен методикалық ережелер, сол сияқты арифметикалық қателіктер деп те есептелінеді.

### III. Статистикалық ақпараттарды ұсыну тәртібін бұзуға қарсы жауапкершілік туралы

1. Әкімшілік хұқық бұзушылық Кодексі мен Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 22 қыркүйегіндегі "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы" Заңына, басқа да заң актілеріне сәйкес кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшылары мен есепке қол қоюшы лауазымды адамдар қазіргі Заңдарға сәйкес әкімшілік және басқа да жауапкершілікке тартылады:

- кабылдамау, ұсынбау, уақытында ұсынбау, жасыру, қосып жазу және басқа да статистикалық есептің мәліметтерін бақылауды бұрмалау;
- мемлекеттік статистикалық бақылауды өткізуден бас тарту;
- мемлекеттік және коммерциялық құпиясы бар статистикалық мәліметтерді сатуға, біреуге беруге немесе басқаша түрде жария ету;
- статистикалық комитетте немесе оның территориялық органдарында есеп беру формасында бекітілмеген статистикалық ақпараттарды жинау.

2. Статистикалық қызмет жүргізуші орталық атқару органдары осы бөлімнің 1 пунктінде көрсетілген есеп берудің тәртібін бұзу фактілерін тапқан жағдайда олар тәртіп бұзушыларды әкімшілік тарапынан жауапкершілікке тарту жөнінде мемлекеттік статистика органдарына ұсыныс жасауға хұқылы.

Осы бөлімнің 1 пунктінде аталып көрсетілген әкімшілік хұқық бұзушылардың ісін облыстық (қалалық) статистика басқармаларының басшылары, қалалық және аудандық статистика бөлімдерінің бастықтары қ а р а й д ы .

3. Мемлекеттік статистикалық есеп беруді ұсыну барысында тәртіп бұзушылық фактілері анықталған жағдайда мемлекеттік статистикалық органдарының қызметкерлері әкімшілік хұқық бұзушылықтың болғандығы жөнінде хаттама жасайды (N 1 қосымша).

Хаттамаға оны жасаған адамдар мен әкімшілік хұқық бұзушылар қол қояды. Қол қоюдан бас тартқан жағдайда ол жөнінде жазылынып алынады. Тәртіп бұзған адам ұсынылып отырған хаттамаға қосымша өзінің түсініктемесі мен ұсыныстарын, сол сияқты оған қол қоюдан бас тартуының себептерін қоса беруге тиіс. Хаттамаға қол қоюдан бас тарту оның үстінен іс қозғауды тоқтатуға негіз бола алмайды. Хаттама барлық материалдарымен қоса мемлекеттік статистика органдарының басшыларына тексеруге беріледі, ол он бес күннің ішінде қаралуға тиіс. Хаттаманың бір данасы статистикалық есепті беру тәртібін

бұзушы адамға беріледі. Хаттамалар есеп журналына тіркелуге тиіс (N 3 қ о с ы м ш а ) .

Әкімшілік хұқығын бұзушылардың ісі әкімшілік тарапынан жауапкершілікке тартылып отырған адамды қатыстыра отырып қаралады. Істі қараудың орны мен уақыты алдын ала сол адамға хабарланғаны жайлы мәлімет болған жағдайда және ол адамнан дәлелді себептерге байланысты істі қарауды кейінге қалдыру жөнінде өтініш түспеген болса іс оның қатысуынсыз-ақ қарала береді.

4. Істі қараудың қорытындысы бойынша мемлекеттік статистика органының басшысы қаулы шығарады (N 2 қосымша). Қаулыға қол қойылады және гербті мөрмен куәландырылады. Қаулының көшірмесі арналып шығарылған адамға тапсырылады немесе 3 күннің ішінде хабарлау хат арқылы заказды почтамен ж і б е р і л е д і .

Әкімшілік тарапынан жазаға тарту жөніндегі қаулы тәртіп бұзушылық жасалған күннен бастап екі айдан кешіктірмей шығарылуы тиіс, ал ұзартылған тәртіп бұзушылық оны анықтаған күннен бастап екі ай деп есептелінеді.

Жоғары мемлекеттік статистика органы басшысының немесе аудандық ( қалалық) соттың үзілді-кесілді шешімі шығарылған күннен бастап он күн ішінде әкімшілік тарапынан жазаға тарту жөніндегі қаулыға шағым арыз беруге болады. Жоғары мемлекеттік статистика органының басшысы қаулының заңдылығын және дәлелділігін тексереді және мынадай шешімдер қабылдайды:

қаулыны өзгеріссіз қалдыру, ал өтінішті қанағаттандырмау керек;

қаулыны өзгерту және істі тоқтату керек;

қаулыны өзгерту және материалды жаңадан қарауға жіберу;

айып мөлшерін оны азайтуға қарай өзгерту.

Мемлекеттік статистика органының әкімшілік хұқық бұзушылық ісі жөніндегі қаулысы атқарушы құжат болып саналады және барлық лауазымды адамдар орындауға міндетті. Тәртіп бұзушы айыпты қаулыны алған күннен немесе оның қалдырған өтінішін қанағаттандырмау жөнінде хабарланған күннен бастап 15 күннен қалдырмай банк мекемесіне төлеуге тиіс. Мемлекеттік статистика органына айыптың төленгені жайлы квитанция немесе айыпты төлегендігін растайтын төлем құжаттарын әкеліп көрсетуге тиіс.

Әкімшілік тарапынан жазаға тарту жөніндегі қаулы айып тұрғысында әкімшілік хұқық бұзушылық жөніндегі Кодекстің 293-бабында қаралғанындай ерікті түрде орындаушылар үшін белгіленген уақыттың өтуіне қарай ықтиярсыз о р ы н д а у ш ы л ы қ қ а ж а т а д ы .

Құрама есептің қорытындысын қалайда түзетудің қажеттігіне апарып соғатын бұрмаланған статистикалық мәліметтерді берген жағдайда мемлекеттік статистика органдары құрама есептің қорытындысын қалайда түзетудің қажеттігіне апарып соғатын бұрмаланған статистикалық мәліметтерді берудің

нәтижесіне апарып соғатын шығынды қайта орнына келтіруді талап етуге  
х ұ қ ы л ы .

Құрама есептің қорытындысын түзетуге жұмсалған қосымша шығын атқарылған жұмыстың актісімен жасалады, онда жұмсалған шығынның мөлшері, яғни келтірілген зиян көрсетіледі. Сонымен бұрмаланған мәліметтер берген кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдардың мекен-жайына атқарылған жұмыс көлемі актісінің көшірмесімен қоса талаптары және басқа таласу мәселесін міндетті түрде ретке келтіруге қажетті құжаттар жіберіледі.

Кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың келтірілген шығынды ерікті түрде орнына келтіруге қарсылық білдірген жағдайында оны өндіріп алу сот арқылы жүзеге асырылатын болады.

Әкімшілік хұқық бұзушылық жөніндегі істі жүргізу тәртібі әкімшілік хұқық бұзушылық Кодексімен және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерімен анықталады.

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар жөніндегі агенттік, статистика және талдау  
ж ө н і н д е г і

комитеттің мемлекеттік статистикалық  
есеп берудің тәртібі туралы  
1997 жылғы 13 желтоқсандағы  
N 75 қаулысымен бекітілген

Ережеге  
N 1 қосымша

\_\_\_\_\_ мемлекеттік статистика органының аты-жөні

Әкімшілік хұқық бұзушылық статистикалық  
есеп беру тәртібінің бұзылуы туралы

ХАТТАМА

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 199 \_ ж.

хаттама жасаудың орны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ хаттама жасаушы адамның әкесінің аты, аты-жөні, жұмыс орны \_\_\_\_\_ тексеріс  
кезінде \_\_\_\_\_

бұзудың нақтылы құрамы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тәртіп бұзудың

\_\_\_\_\_ уақыты, кезеңі және орны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Мынадай тәртіп бұзушылық болды \_\_\_\_\_  
нормативті актілердің аты-жөні және \_\_\_\_\_  
пункттердің номерлері \_\_\_\_\_

, орын алған бұрмалаулар мыналар  
Аталған тәртіп бұзуға кінәлі \_\_\_\_\_  
әкесінің аты, аты-жөні \_\_\_\_\_  
лауазымы, тәртіп бұзған  
адамның жұмыс орны, тұратын мекен-жайы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Әкімшілік хұқық бұзушылық Кодексінің 261 бабында қарастырылған хұқық  
бұзушының хұқығы мен міндеттері түсіндірілді.

Хұқық бұзушының түсініктемесі \_\_\_\_\_

Істі шешу үшін қажетті басқа да мәліметтер \_\_\_\_\_

Хұқық бұзушы осы хаттама  
бойынша істі қарауға хабардар етілді  
" \_\_ " \_\_\_\_\_ 199 \_\_ ж. \_\_\_\_\_ сағат. \_\_\_\_\_

Хаттаманы жасаушының лауазымы, әкесінің аты, өзінің аты-жөні,  
қойған қолы \_\_\_\_\_  
хұқық бұзушының аты-жөні, әкесінің аты, қойған қолы \_\_\_\_\_

Хаттаманың екінші данасын алдым \_\_\_\_\_  
заңды тұлғаның басшысының, немесе \_\_\_\_\_

хұқық бұзушы қызметкердің аты-жөні  
әкесінің аты, қойған қолы.

Ескерту: хұқық бұзушы адам хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда ол жөнінде арнайы жазып қалдырады. Хаттамаға қол қоюдан бас тарту істі қысқартуға негіз бола алмайды. Хұқық бұзушы адам хаттаманың мазмұны жөнінде өзінің түсініктемесін және қарсылығын білдіруге хақы бар, сол сияқты оған қол қоюдан не себепті бас тартатындығы жайлы айтуға тиіс (бұл құжаттар хаттаманың әрбір данасына тіркелуі қажет).

Қазақстан Республикасы Стратегиялық  
жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік, статистика  
және талдау жөніндегі комитеттің мемлекеттік  
статистикалық есеп берудің тәртібі  
туралы 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 75 қаулысымен  
бекітілген Ережеге N 2 қосымша

-----  
мемлекеттік статистика органының аты-жөні

Әкімшілік хұқық бұзушылық ісі туралы  
статистикалық есеп беру тәртібінің  
бұзылуы жөнінде ҚАУЛЫ

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 199 \_ ж. \_\_\_\_\_  
қаулының алынған орны

Мен \_\_\_\_\_  
облыстық (қалалық) статистика органы бастығының лауазымы, \_\_\_\_\_  
аудандық,

қалалық статистика органдары басшыларының лауазымы, \_\_\_\_\_  
әкесінің

аты, өзінің аты-жөні " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ хаттаманы және оған  
қосымша статистикалық есеп берудің белгіленген тәртібінің бұзылуы туралы  
материалдарды қарай келіп, онда жұмыс істейтін \_\_\_\_\_

-----  
лауазымы, жұмыс орны анықтадым \_\_\_\_\_

-----  
істі қараған кезде анықталған хұқық бұзушының ісінің мәнісі \_\_\_\_\_

-----  
Қазақстан Республикасының "Әкімшілік хұқық бұзушылық туралы"  
Кодексін, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы", "



Қазақстан Республикасының әкімшілік хұқық бұзушылық туралы Кодексіне өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы" заңдарын, Қазақстан Республикасының және басқа да заң актілерін басшылыққа ала отырып,

### ҚАУЛЫ ЕТЕМІН

1. Хұқық бұзғаны үшін \_\_\_\_\_  
заңды және басқа да нормативті актілердің \_\_\_\_\_

бұзылғаны жөніндегі пункттің нөмірі, баптары мен аттары  
әкімшілік тарапынан ескерту немесе айып төлеу сияқты жазаға тарту \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тәртіп  
бұзушының аты-жөні, әкесінің аты  
мөлшері \_\_\_\_\_ теңге

Айып ақша 15 күн мерзім ішінде төленуге жатады (әкімшілік хұқық бұзушылық туралы Кодекстің 293 бабы). \_\_\_\_\_

----- кызметі ----- аты-жөні, әкесінің аты

Мөрдің орны

Қаулыны алдым \_\_\_\_\_  
тәртіп бұзушының қойған қолы, аты-жөні, әкесінің аты.

2. Айып салу жөніндегі бұл жөніндегі бұл қаулы алынған күннен және оның көшірмесі айып төлеушіге берілген күннен бастап 10 күн ішінде шағым-арыз беруге жатады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық  
жоспарлау және реформалар жөніндегі \_\_\_\_\_ агенттік, статистика  
және талдау \_\_\_\_\_ жөніндегі комитеттің мемлекеттік  
статистикалық есеп берудің тәртібі  
туралы 1997 жылғы 13 желтоқсандағы \_\_\_\_\_ N 75 қаулысымен  
бекітілген Ережеге \_\_\_\_\_ N 3 қосымша

Әкімшілік хұқық бұзушылық есеп беру тәртібінің  
бұзылуы жөніндегі хаттамалар мен қаулылардың  
есебін жүргізуге арналған \_\_\_\_\_ **ЖУРНАЛ**

### Мемлекеттік статистика органының аты-жөні

N	хаттаманың жазылған күні, N	хаттаманы толтырған түрі, лауазымы.	хұқық бұзушының кім аты, мекен-жайы, не болмаса жұмыс орны қызметінің	Хұқық бұзушы. лықтың түрі	қаулының шығарылған күні, N
1	2	3	4	5	6

--	--

кестенің жалғасы -----

-----

қаулының	төлеген	ықтиярсыз	Ақпараттың	мазмұны	күні
	жазалауға	түскен күні	(айып	квитанция.	жіберілген
және		мөлшері)	ның N кіріс	қаулының	қабылданған
		ордері т.б.	күні, мекен-	шешімі	
жайы.			----- ----- ----- -----		
	7	8	9	10	----- ----- ----- -----
--- -----					----- -----
-- ----- -----					
-- ----- ----- -----					
	----- ----- ----- -----				

Журнал статистикалық орган басшының қолы қойылып,  
 мөрі басылады, жіппен тігіліп хатталады.